

ӘОЖ 002.2(091)

З.Н. Ермағанбетова*, А.Е. Айтбаева

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

*E-mail: zuhra_9195@mail.ru

**«Сыр бойы» газетіндегі сатира
(1958-2003 жылдардағы жарияланымдар бойынша)**

Мақалада облыстық «Сыр бойы» газетінде жарық көрген жарияланымдардың түрлері, пәрменділігі, авторлар шығармашылығы сөз болады. Әр жылдарда атауы өзгеріп шығып тұрған сықақ бұрышының сатира жанрларын дамытуға қосқан үлесі, тәрбие құралы ретіндегі рөлі, оқырмандарға ықпал-әсері баяндалады.

Түйін сөздер: сатира жанрлары, сықақ бұрышы, тәрбие құралы.Z.N. Ermaganbetova, A.E. Aitbaeva
Satire in the newspaper «Syr boiy»

This article discusses the materials published in the regional newspaper «Syr boiy» analyzes used by the authors of various publications means to influence readers.

Particular attention is paid to the satirical section, which at different times had different names.

The article notes that the publication of this section have contributed to the development of the genre of satire, as well as provided on the impact of readers as a means of education.

Key words: genres of satire, satirical angle, means of educationЗ.Н. Ермағанбетова, А.Е. Айтбаева
Сатира в газете «Сыр бойы»

В статье рассматриваются материалы, опубликованные в областной газете «Сыр бойы», анализируются использованные авторами различных публикаций средства воздействия на читателей. Особое внимание уделяется сатирическому разделу, который в разные годы имел различные названия. В статье отмечается, что жанр сатиры оказывал на читателей воздействие в качестве средства воспитания.

Ключевые слова: жанры сатиры, сатирический угол, средство воспитания.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы белгілі академик ғалым, «Сөз өнері» атты теориялық еңбектің авторы Зейнолла Қабдолов сатира табиғатын былай деп түсіндіреді: «Сатирамен суреттелер құбылыс – керексіз, кесір құбылыс. Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып-сілкілейді, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді»[1]. Бұдан анық аңғарылатын жайт – сатира аса жауапты және қиын өнер. Қоғамдағы кесір құбылысты, кері кеткен жағдайды қазып көрсету, қалың көпшілікті одан түңірту тіпті оңай емес.

Келесі бір тұжырымды «Сатира негіздері» деп аталатын көлемді монографиялық еңбектің авторы Темірбек Қожакеев пікірлеріне сүйене отырып сабақтасақ ғалым: «сатира, юмор дегеніміз адам баласының алуан түрлі сезімдерімен, қабілет-қасиеттерімен, әлеуметтік тұрмыс күйімен, қоғамдық ортасымен тікелей байланысты. Солардың өзіндік ерекшелікпен көрініс табуы. Сатира, юмор – әрі көңілді, жеңіл, әрі зілді, қуаныш-ренішке бейім өнер. Олардың күші де осында. Оларды ұлы мақсаттарға, елді ұлы істерге жұмылдыруға, жұрт жүрегінде қайырымды сезімдер туғызуға, жаңа қоғам құруға кесел

келтіретін кесір-кесапаттарға өшпенділік оятуға кең пайдалануымыз қажет» [2], – деп атап көрсетеді. Осы тұжырымдарға сүйенсек, сатираның, юмордың қуат-күші бүгін де керек және оларды тиімді қолданған абзал.

Мерзімді баспасөз тарихына көз жүгіртсек, республикалық басылымдар 50-жылдың соңы мен 60-жылдан бастап сатираға көңіл бөліп, өз беттерінде сықақ бұрышын тұрақты шығаруды қолға ала бастағанын байқаймыз. Сонымен қатар аймақтық газеттер де сатираны мазмұндандырып, оның оқырман белсенділігін арттырудағы, қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлін күшейтуге үлес қосты. Сондай басылымның бірі Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті.

«Сыр бойы» газеті алғашқы жарық көрген кезден бастап (1929 жыл, 1 шілде) азды-көпті фельетон болмаса, өз алдына бөлек әзіл-сықақ бұрышын ашпаған. Сатираның «жауынгер жанры» фельетон қоғамдық дерттің, келеңсіз жәйттердің түзелуіне көп септігін тигізді. Шаруашылықты ұйымдастырудағы алуан түрлі оралымсыздықтар, жеке адамдардың ісіндегі, санасындағы жағымсыз әрекеттерді жоюда, жұртшылықты ізгілікке баулып, жақсымен таныстырып, жаманнан жирендіруде сын-сықақ материалдардың әсері мол болды. «Сыр бойы» газетіндегі сықақ беті де осы фельетон жанрынан бастау алады. Газет редакторы Ж. Тілепбергеновтің «Су төресі», «Қызыл танау», «Көк сиырдың көкесі – көк ешкі». «Түлкі толғақ», «Бес күйеу», «Құдандалы арыздар» атты фельетондары да ең әуелі осы басылымда жарық көрген.

«Сыр бойы» өзгертіліп «Ленин жолы» (1938 жыл) болып шығып тұрған кезінде фельетон жанры жаңа қарқын ала бастаған еді. Оның әрі қарай өсіп-өркендеуіне, көктеуіне, тамыр жаюына көп еңбек сіңірген ақын, фельетоншы – Асқар Тоқмағамбетов болды. Сатириктің фельетондары күлкілі жайларды көре отырып, көбінесе үкіметтің науқанына байланысты дер кезінде жазылып отырған. Ол сонысымен де өз уақытында өте құнды болған. Оған «Әңгіме ашықауыз туралы», «Сапасыз бұйымдар, жауапсыз басшылар», «Шестное слово» т.б. көптеген фельетондарын жатқызуға болады.

Сонымен қатар бұл жанрға көптеген авторлар белсене қалам тартты. Атап айтсақ, Ж. Шәукебаев, Ә. Әділбаев, М. Киікбаев, Д. Смайылов, Ә. Бостайұлы сияқты қарымды қаламгерлердің қаламынан төгілген сатира сиясы қоғамдағы, саяси, шаруашылық, мәдени өмірдегі орын алған кемшіліктерге арналды.

«Ленин жолы» газетінде сықақ бұрышы алғаш «Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме» (1958 жылы, 6 шілде, №133) деген атпен дүниеге келген. Аталмыш бұрыштың тұсауы кесілісімен-ақ, түрлі сын-сықақ, мысқылдар «шым» еткізер шымшымалар жарық көре бастады. Мысалы, М. Сексенбаевтың «Бес сом беріп, берекеміз кете ме?» [3]. деген мақаласында «Локомотив» стадионындағы орынның жетіспеушілігі сын садағына алынған. Мақала соңын автор: «Былған киім, кепкен таңдайларды айтпағанның өзінде, кіру билетіне 5 сом беріп, бір жарым сағат аяғынан тапжылмай тұру қандай азап? Отыруға орын таппай қашанғы берекеміз кете береді?» деген зілді сауалмен аяқтайды. Сондай-ақ, Б. Әбдіразақовтың «Движоктың мұң-зары», Ж. Бекхожаевтың «Бастық ар жақта, жұмыс бер жақта», «Дөрекі мінезді дүкенші», Ө. Жаппархановтың «Тояный факт болуға тиіс», «Егін орылмай, дән төгіліп», С. Әлжіковтің «Үзіп-жүлқып» т.б. фельетондарынан сол кездегі өмірден орын алған келеңсіздіктерді дәл көруге болады. А. Тоқмағамбетовтің «Оқпен ойнаған мысық» [4] халықаралық тақырыптағы мысалы (1958, 13 июль), «Бет пен ет», «Мығымбайға», «Өсекшілерге» сықақ өлеңдері мен эпиграммалары осы сықақ бұрышында жарияланған.

«Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме» сықақ бетінің айта кетерлік ерекшелігі, мұнда «Көмектесті» деген айдар бар. Бұл айдар сыналған, келемежелделген нысандағы, өндіріс орнындағы кемшіліктің орны толып, қисықтың түзелгенін, яғни сынның қорытындысын хабарлайды. Мәселен, «Ленин жолы» газетіндегі (1958 жылы, 19 апрель) жарияланған «Бұл жылдық емес, айлық» атты мақалада Абай атындағы колхоз (Сырдария ауданы) басшыларының елді пункттерді санитарлық жағынан таза ұстау мәселесіне мән бермей келгендігі сыналған болатын. Партбюро секретары Нарманов жолдастың хабарлауынша бұл мәселе колхоз жанындағы бастауыш партия ұйымының жиналысында талқыланып, онда ауыл айналасының тазалығын шұғыл жолға қоюдың нақты шаралары белгіленгендігі туралы жауап хат келген. Осыдан-ақ сын-сықақтың, фельетонның қоғамдағы, шаруашылықтағы келеңсіз көріністерді түзетуге ықпал еткенін аңғаруға болады. Сықақ бұрышының мазмұнын арттыруда «Ең соңғы жаңалықтар» деген айдардың өзіндік үлесі бар. Онда әр ауданда орын алған кемшіліктер ақпарат түрінде хабарланады. Мәселен, «Шиелідегі «Төңкеріс» колхозында балалар бақшасының үйі тауықханаға айналып,

жуырда босатылыпты. Бұл қалай деушілерге ауыл басшылары балапан да бала емес пе дейтін көрінеді».

1963 жылы бес жылдан соң сықақ бұрышы «Сықақ пен мысқыл» деген атпен өзгеріп шыға бастайды. Бұл беттің де сөз сойылы кемшін тұстар мен орынсыз істерді сабап кетіп отырды. Осы орайда тағы да «қырғи тілді» Асқардың (А. Токмағамбетов) фельетонын айта кеткен жөн. Оның «Бидайдың мұңы» атты фельетонының мазмұны былайша: «Мұнда 500 га-ға жуық бидай егілген. Оны отақ басып кеткен, егіннің басым көпшілігі су ішпеген, қурайын деп тұр. Ал колхоз басшылары оталмаған егінді суарылды» деп ақбар берумен мәз болып келеді. Қысқаша шындық жағдай осы ғана. Осы жәйтті фельетоншы бидайдың өзіне сөйлетіп:

Көгергелі көрмедік,
Су тиген жоқ тамырға
Биыл сонша шөлдедік,
Айнала алмай қамырға
Жүдеп тұрған жаздың біз,
Осыны айтып құлаймыз –

дей келе

Бастықтардың кімде ойы,
Оны кімдер шешеді? –

деп сынай сұрақ қояды.

Бұдан басқа сықақ пен мысқыл, әжуа әңгімелерді көптеп кездестіруге болады. Мәселен, К. Бәкіровтің «Өңешінен өте береді» [5]. (1963 жыл, 17 ноябрь) фельетонында Сырдария ауданы, «Жетікөл» орталық дүкенінің сатушысы Досмұхамбетова Заданың тауарларға үстеме ақы қосып сататыны әшкереленсе, М. Илиясовтың «Таң атқанша өлмейді» фельетонында Қармақшы ауданы, Жамбыл атындағы колхоз дәрігерлерінің ауруға салғырт қарайтыны нақты фактілермен дәлелденеді. Зар қақсаған науқасты көріп кетуге ерінген медбикенің: «Бас дәрігер жоқ. Таң атқанша өлмейді. «Анальгин» деген дәріні аласыз. Түнгі сағат 9-да бара алмаймын» деген өз сөзін келтіреді. Сонымен бірге «Көрем десеніз...» тұрақты айдарындағы фотоайыптаулар да өз кезегінде кесір құбылысты көптің көз алдына шығарды.

«Сықақ пен мысқыл» 1986 жылға дейін тұрақты шығып отырған. Ал, 1986 жылы, қыркүйектің 13-інен бастап «Сықақ пен мысқылдың» орнын «Сыр шөңгесі» [6] алмастырды.

Сықақ бұрышы беташар мақаласында былай депті: «Табаннан кірсе, төбеден шығатын шөгір мен шөңге уытын сіздер жақсы білесіздер. Бұдан былай сөзінде бәтуәсі жоқ, ісінде береке жоқ жатыпатарлар, арамза-аңқаусынып жүріп, қарбита-қарбита майасарлар, құрыққа сырық жалғаған өтірікші мен өсекшілер, бүгінгі күннің жәдігөй Жантықтары мен Судырахметтері, маскүнемдер мен марғаулар, тиюсыз жүрген жалқаулар, ысырапқорлар мен мансапқа мас менмендер, сүйгеніне сенгендер осы арнадан орын табатынын еске саламыз». Әрине, қадалған жерін шиедей қылуды, қисық пен қыңырды түзетуді мақсат еткен уытты беттің де қайта құру қоғамындағы ел өміріндегі юмор мен сатираны молынан жария еткендігі заңды нәрсе. «Сыр шөңгесі» әртүрлі тақырыптарға кеңінен орын беріп, оны сатираның сықақ әңгіме, юморлық әңгіме, сықақ өлең, мысал, фельетон жанрларына арқау етіп, карикатуралық қағытпа суреттерді дер кезінде жариялап отырған.

Адами болмыс, рухани байлығымызда орын алған осал тұстарға да сөз тіккенін қадап алады. «Барлық жұрт қызық кітап деседі» деген мақалада қалалық кітапхана басшысының шетел әдебиетінің өкілдерін, сондай-ақ діни кітапшаларды аудан түкпіріндегі балалар кітапханасына бірінен соң бірін жіберетінін, алайда республикаға танымал балалар жазушылары мен ақындарының соңғы жылдары шыққан қажетті әңгіме, өлең жинақтары мен суретті кітапшалардың жоқ екендігін мысқылмен сынай жазады. Сондай-ақ «Шанхайға такси бармайды» деген фельетонда қоғамдық көліктердегі салақтықты әжуалайды. Оқып көрелік: «Біздің Қызылордада жаңалық көп. Такси де көп. Оның салдыр-гүлдір қаусағаны да, қаусамаған су жаңасы да, кірлісі де, кірсізі де, қысқасы такси көп... Барасыз да түсесіз. Кімнің ақ болса, кімнің кір, қожалақ боп кете бересіз. Оған ешкім кінәлі емес. Такси іші кір, жамылғысы жоқ, баттасқан сатал пышақ сырты қалыңдықта жаланып өте береді. Бұл жәйт автобаза басшыларына мәлім бе екен?» – деп сұрақты жауапты мекеме басшыларына тікелей қояды. Бір айта кетерлігі бұл кездегі сықақ, сындарлы сындардың біразы жоспарға, бес жылдыққа, науқанға орай жазылған. Оған «Бұзаулар арызы», «Ет дайындаудың жаңа тәсілі» т.б. фельетондары дәлел.

Сықақ бұрышы өндіріс орындарындағы ретсіз, қалдық шашылып жатқан жерлерді суретке түсіріп, фотоайыптаулар беріп отырған. Мәселен, «Аяқ киім фабрикасының қорасындағы құ-

лаған үй және қоқырсықтар», «Былғары заводы үйінің іргесінде үйіліп жатқан өндіріс қалдықтары» т.б. тәрізді мәтіндерді және басшыларды сынап-мінейтін карикатураларды да көптеп кездестіруге болады. Бір карикатурада бірнеше телефонның ортасында отырған бастықтың суреті салынып, астына «Телефон болмаса қолынан не келгендей екен?» деп жазылған. Аталмыш бұрышта С. Бұқарбаевтың «Жебіркүлдің жемсауы» фельетоны, Ж. Қосымовтың «Сиырдан тамшы тамбай тұр», Қ. Мырзахметовтың «Желдіркүлдің телеграммасы» сықақ әңгімелері, С. Әшімовтің «Көліктері көпірден өтіп алған соң» сын мақаласы, Қ. Әділбековтің «Шымшымалары», С. Баймахановтың «Қомағай қоңыз» мысалы кенуі кепкен құлқындар, суайт пен сұғанақтар, жалтақ пен жағымпаздарға бағытталған.

Тәуелсіздік жылдарында «Сыр шөңгесі» 1996 жылы «Күлмесең де болады» деген қалжың-қақпа, сын-сықақ мысқыл бұрышына орын береді. Бөлімді жүргізуші Дүйсенбек Аяшұлы. Мұнда «Бұралқы сөз – күлмекке», «Бұған күлмесең де болады», «Әділдігін кім айтар?» тұрақты айдарлар аясында материалдар жарық көріп тұрған. Мәселен, «Бұл қандай заң?» деген Р. Үмбетованың мақаласында қалааралық автобус жүргізушісінің сөмкеге жолақы алатыны Арал автобаза басшылығына құлаққағыс етілсе, «Салықтан қашқан сабаздарда» жер салығын төлемей жүрген алаяқтар сыналған.

2003 жылдан бастап «Түрлі-түрлі бастар бар» атты мысқыл бұрышы шыға бастайды. Редакторы – Жанұзақ Қожаберген. Бұл бұрыш заман ыңғайына қарай нарықтың нақыштарын, тәуелсіздік тәжін кигеннен кейінгі кейбіреулердің нарық заманына икемсіздігін, әлжуаздығын сынап, қаптап кеткен жезөкше, нашақорлық мәселелеріне қарсы өзіндік үн қосып отырды. Қазіргі уақыттағы анайы газет-журналдардың көптеп орын алуы, кейбір басылымдардың «Ұлы сөзде ұят жоқ» деген желеумен ақша табуды ғана көздеп, ұлттық «ұят болады» деген ұяң

бетпердені жұлып алып, жасөспірімдерді жат қылыққа тәрбиелейтін «Ләззат», «Қылмыс пен махаббат» т.б. сияқты газеттері сыналады. Әлеуметтік өмірдегі орын алған келеңсіз көріністер Ж. Қожановтың «Қол-аяқ үсіп, тоңса да, амал жоқ түстік моншаға», К. Жаппастың «Көшелері көнтулақ, тротуары ойматаз» [7] фельетондарының нысаны болған.

Қорыта айтқанда, «Сыр бойы» газеті сықақ бұрыштарында жарық көрген материалдарды жанрлық, түрлік, пішіндік, тілдік, стильдік жағынан талдау бір мақаланың көлеміне аздық етеді. Сондықтан біз облыстық аға газеттің сатира саласына қосқан азды-көпті үлесін көрсетуді мақсат еттік. Қазіргімен салыстырғанда «Сыр бойы» газетінің кеңестік кезеңдегі сықақ бетінің салмағы басым болған. Түрлі келеңсіздіктер мен былықшылықтар сатира жанрларының садағына ілініп, дер кезінде сыналып отырған. Ал бүгінгі «Сыр бойының» осы қарқынын жоғалтып алғанын айтқымыз келеді. Айтарымыз, Асқар Тоқмағамбетовтың ізбасарлары Сыр өңірінде де жетерлік. Мәселен, Қазыбек Әшірбекұлы, Нұрмақан Елтай, Ерғали Абдуллаев, Нұрлан Көбегенұлы сияқты от ауызды, орақ тілді сықақшыларымыздың есімі оқырмандарға жақсы таныс. Олардың сатиралық шығармалары республикалық басылымдарда жарияланып, туындылары кітап болып жарық көруде. Газет тілшісі Әділжан Үмбеттің де кезінде қалалық басылымда сықақ бетін шығарғанын білеміз Сондықтан алдағы уақытта газет ұжымы сықақ бетіне арнайы орын беріп, тұрақты түрде шығарып тұрса деген тілегіміз бар.

Т. Қожакеевтің пайымдауынша сатираны ұлы мақсаттарға, елді ұлы істерге жұмылдыруға, жұрт жүрегінде қайырымды сезімдер туғызуға, жаңа қоғам құруға кесел келтіретін кесір-кесепаттарға өшпенділік оятуға кеңінен пайдалануға болады. Демек сатираның, юмордың қуат-күші бүгін де керек және оларды тиімді қолданған абзал.

Әдебиеттер

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992
- 2 Қожакеев Т. Сатира – күштілер қаруы. – Алматы: Жазушы, 1985
- 3 Сәрсенбаев М. Бес сом беріп, берекеміз кете ме? // Ленин жолы, 1958. – 6 шілде.
- 4 Тоқмағамбетов А. Оқпен ойнаған мысық. // Ленин жолы, 1958. – 13 шілде.
- 5 Бәкіров Қ. Өңешінен өте береді. // Ленин жолы. 1963. – 17 қараша.
- 6 Сыр шөңгесі. // Ленин жолы. 1986. – 13 қыркүйек.
- 7 Жаппас К. Көшелері көнтулақ, тротуары ойматаз. // Сыр бойы. 2003. – 6 маусым.

References

- 1 Qabdolov Z. Soz oneri. – Almaty: Qazaq universiteti, 1992
- 2 Qozhakeev T. Satira – kushtiler qaruy. –Almaty: Zhazushy, 1985
- 3 Sarsenbaev M. Bes som berip, berekemiz kete me?// Lenin zholy, 1958, 6 shilde
- 4 Toqmagambetov A. Oqpen oinagan mysyq. //Lenin zholy, 1958, 13 shilde
- 5 Bakirov Q. Oneshinen ote beredi. //Lenin zholy. 1963, 17 qarasha
- 6 Syr shongesi. // Lenin zholy. 1986, 13 qyrkuiek
- 7 Zhappas K. Kosheleri kontulaq, trotuary oimataz. //Syr boiy. 2003, 6 mausym